| | |
|---|---|
| **«ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ<br>Бас директордың<br>2023 жылғы «05» желтоқсандағы<br>бұйрығымен бекітілген** | **Утвержден<br>приказом Генерального директора<br>АО «МФО ОнлайнКазФинанс»<br>от «05» декабря 2023 года** |
| **Микрокредит беру жөніндегі қосылу шарты** | **Договор присоединения по предоставлению микрокредита** |
| Осы Микрокредит беру жөніндегі қосылу шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптары осы стандартты нысанда айқындалған (бұдан әрі – Шарт), «ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ (бұдан әрі – Кредитор) мен Қарыз алушы арасындағы қатынастарды реттейді, Кредитордың сайтында интернет желісінде www.solva.kz мекенжайы бойынша жарияланған және Қарыз алушы (Қосалқы қарыз алушы) жалпы Шартқа қосылу жолымен ғана қабылдануы мүмкін. Шарт талаптары оларға қандай да бір шарттарсыз/ескертулерсіз қосылған барлық Қарыз алушылар (Қосалқы қарыз алушылар) үшін жалпыға міндетті болып табылады. | Настоящий Договор присоединения по предоставлению микрокредита является договором присоединения, заключаемым в порядке, предусмотренном статьей 389 Гражданского Кодекса Республики Казахстан, условия которого определены данной стандартной формой (далее – Договор), регулируют отношения между АО «МФО ОнлайнКазФинанс» (далее – Кредитор) и Заемщиком, опубликованы на сайте Кредитора в сети интернет по адресу: www.solva.kz и могут быть приняты Заемщиком (Созаемщиком) не иначе как путем присоединения к Договору в целом. Условия Договора являются общеобязательными для всех Заемщиков (Созаемщиков), присоединившихся к ним без каких-либо условий/оговорок. |
| Қарыз алушының Шарт талаптарын қабылдауы Қарыз алушының микрокредит беру туралы өтінішке (бұдан әрі – Өтініш) қол қоюымен көрсетіледі. Өтінішке Қарыз алушы қағаз нұсқасында немесе Өтінішке электрондық түрде қол қою арқылы қол қоя алады. Қағаз нұсқадағы Өтінішке микрокредитті ресімдеу сәтінде Қарыз алушының (оның уәкілетті өкілінің) қатысуымен жеке қол қойылады. Өтінішті электрондық түрде Қарыз алушы Кредиторға Жеке кабинеті арқылы береді (қол қояды). Қарыз алушы Өтініш берген және Кредитор қол қойған күннен бастап Қарыз алушы Шарттың талаптарын да, Өтініштің талаптарын да сөзсіз қабылдай отырып, Шартқа толық көлемде қосылады. | Принятие Заемщиком условий Договора выражается подписанием Заемщиком Заявления о предоставлении микрокредита (далее – Заявление). Заявление может быть подписано Заемщиком на бумажном носителе или посредством подписания Заявления в электронном виде. Заявление на бумажном носителе подписывается в момент оформления микрокредита в присутствии Заемщика (его уполномоченного представителя) лично. Заявление в электронном виде предоставляется (подписывается) Заемщиком Кредитору посредством Личного кабинета. С даты подачи Заемщиком и подписания Кредитором Заявления, Заемщик присоединяется к Договору в полном объеме, безусловно принимая как условия Договора, так и условия Заявления. |
| Шарт, Өтініш, сондай-ақ Өтінішке қосымшалар мен толықтырулар бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады, «Микрокредит беру туралы шарт» деп аталатын бірыңғай құқықтық құжат болып табылады, онымен Кредитор мен Қарыз алушы Шарт жасасу сәтінде де, болашақта да | Договор, Заявление, а также приложения и дополнения к Заявлению являются неотъемлемыми частями друг друга, представляют собой единый правовой документ, именуемый «Договор о предоставлении микрокредита», с чем Кредитор и Заемщик безусловно согласны и |

| | |
|---|---|
| олар бойынша қабылданған барлық міндеттемелермен сөзсіз келіседі және растайды. | подтверждают все принятые по ним на себя обязательства как в момент заключения Договора, так и в будущем. |
| Өтінішке қол қойылған күн Шарттың күшіне енген күні болып табылады. | Датой вступления в силу Договора является дата подписания Заявления. |
| Шарт Кредитордың www.solva.kz интернет-ресурсында орналастырылған. | Договор размещен на интернет-ресурсе Кредитор www.solva.kz. |
| *Шартта және Өтініште пайдаланылған терминдер мен анықтамалар ұғымдары Шарттың 10-бөлімінде берілген.* | *Понятия терминов и определений, использованных в Договоре и Заявлении, даны в разделе 10 Договора.* |
| **1. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ** | **1. ОБЩИЕ УСЛОВИЯ ДОГОВОРА** |
| 1.1. Шарт жасалған күн Өтініште көрсетілген. | 1.1. Дата заключения Договора указана в Заявлении. |
| 1.2. Кредитор Қарыз алушыға Өтініште айқындалған сомада және мерзімге ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық, сондай-ақ Өтініште көзделген жағдайларда қамтамасыз ету және нысаналы пайдалану шарттарында микрокредит береді. | 1.2. Кредитор предоставляет Заемщику микрокредит в сумме и на срок, определенные в Заявлении, на условиях платности, срочности, возвратности, а также обеспеченности и целевого использования в случаях, предусмотренных Заявлением. |
| 1.3. Микрокредит бойынша артық төлем сомасы, микрокредиттің нысаналы мақсаты, микрокредиттің толық құны Өтінішпен айқындалады. Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, микрокредит бойынша артық төлем сомасы Шарттың/Өтініштің талаптарына сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбына (айыппұлға, өсімпұлға) байланысты ұлғайтылуы мүмкін. | 1.3. Сумма переплаты по микрокредиту, целевое назначение микрокредита, полная стоимость микрокредита определяются Заявлением. В случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств по Договору сумма переплаты по микрокредиту может быть увеличена из-за начисленной неустойки (штрафа, пени) в соответствии с условиями Договора/Заявления. |
| 1.4. Микрокредит сомасын Қарыз алушының Шотына (Картасына) немесе тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатушыға банк шотына/төлем карточкасына есепке жатқызу күні микрокредит беру күні болып табылады. | 1.4. Датой предоставления микрокредита является дата зачисления суммы микрокредита на Счёт (Карту) Заемщика или на банковский счет/платежную карточку продавцу товаров (работ, услуг). |
| 1.5. Қарыз алушы қате деректерді, оның ішінде Шот/Карта деректерін қате ұсынған жағдайда, Қарыз алушы микрокредит алмау тәуекелін көтереді. Бұл ретте микрокредит Қарыз алушыға берілген, ал Кредитордың міндеттемесі толық орындалған болып есептеледі.<br>Микрокредит шарты бойынша микрокредит сомасын қайта алған/Қарыз алушының Шотына/Картасына Кредиторға тәуелді емес мән-жайлар бойынша микрокредит сомасынан асатын ақша сомасын қате есептеген жағдайда, Қарыз алушы Кредитормен дереу байланысуға және 3 (үш) жұмыс күні ішінде микрокредит сомасынан асатын мөлшерде қате түскен ақшаны | 1.5. В случае предоставления Заемщиком ошибочных данных, в том числе данных Счета/Карты, Заемщик несет риск неполучения микрокредита. При этом, микрокредит считается предоставленным Заемщику, а обязательство Кредитора полностью исполненным.<br>В случае повторного получения суммы микрокредита по Договору микрокредита/ошибочного зачисления суммы денег, превышающую сумму микрокредита по независящим от Кредитора обстоятельствам на Счет/Карту Заемщика, Заемщик обязуется незамедлительно связаться с Кредитором и осуществить в течение 3 (трех) рабочих дней возврат ошибочно поступивших денег в |

| | |
|---|---|
| Өтініште көрсетілген деректемелер бойынша Кредитордың шотына қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. | размере, превышающем сумму микрокредита, на счет Кредитора по реквизитам, указанным в Заявлении. |
| 1.6. Микрокредитті өтеу мерзімі Өтінішпен айқындалады. Микрокредитті өтеу кестесіндегі төлем күні Өтініште көрсетілген Кредитордың шотына төлем есептелген (түскен) күн болып есептеледі. Бұл ретте Қарыз алушы микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес Астана қаласының уақыты бойынша 16 сағат 45 минутқа дейін микрокредитті өтеу үшін сомаларды қамтамасыз етуге міндеттенеді; егер өтеу үшін қажетті сома осы тармақта көрсетілген уақыттан кешіктіріліп келіп түскен жағдайда, есептен шығару микрокредит бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктіруді қалыптастыра отырып, келесі жұмыс күні жүргізілетін болады. | 1.6. Срок погашения микрокредита определяется Заявлением. Датой платежа в графике погашения микрокредита считается день зачисления (поступления) платежа на счет Кредитора, указанный в Заявлении. При этом Заемщик обязуется обеспечивать суммы для погашения микрокредита в соответствии с графиком погашения микрокредита до 16 часов 45 минут по времени города Астана; в случае если сумма необходимая для погашения поступит позже времени, указанного в настоящем пункте, списание будет произведено на следующий рабочий день с образованием просрочки исполнения обязательств по микрокредиту. |
| 1.7. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептеледі және Өтінішпен айқындалады. | 1.7. Ставка вознаграждения за пользование микрокредитом и годовая эффективная ставка вознаграждения рассчитываются в соответствии с требованиями уполномоченного органа и определяются Заявлением. |
| 1.8. Сыйақыны есептеу микрокредитті пайдаланудың нақты күндерінің саны үшін микрокредит берілген күннен бастап жүргізіледі, бұл ретте жылына күнтізбелік 365 (үш жүз алпыс бес) күнге және айдағы нақты күндер санына тең күндер саны есепке алынады, бұл ретте микрокредит берілген күн мен оны өтеген күн күнтізбелік 1 (бір) күн үшін қабылданады. Қарыз алушы негізгі борыш сомасын уақтылы төлемеген жағдайда, сыйақы мерзімі өткен негізгі борыш сомасына да есептеледі. | 1.8. Начисление вознаграждения производится с даты предоставления микрокредита за фактическое количество дней пользования микрокредитом, при этом в расчет берется количество дней в году равное 365 (триста шестьдесят пять) календарным дням и фактическому количеству дней в месяце, при этом день выдачи микрокредита и день его погашения принимаются за 1 (один) календарный день. В случае несвоевременной оплаты Заемщиком суммы основного долга, вознаграждение начисляется также на суммы просроченного основного долга. |
| 1.9. Микрокредитті қайтаруды және микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуді Қарыз алушы микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес жүргізеді. Микрокредитті өтеу кестесі бойынша жоспарлы төлем сомасынан артық мөлшерде төлем аударылған кезде жоспарлы төлемнен асатын сома келесі төлем кезеңінде микрокредитті өтеуге есептеледі (бұл ретте негізгі борыш пен сыйақы сомасы қайта есептелмейді). Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп | 1.9. Возврат микрокредита и оплата вознаграждения за использование микрокредита производятся Заемщиком согласно графику погашения микрокредита. При перечислении платежа в большем размере, чем сумма планового платежа по графику погашения микрокредита, сумма, превышающая плановый платеж, засчитывается в погашение микрокредита в следующем платежном периоде (при этом суммы основного долга и вознаграждения не пересчитываются). При изменении условий микрокредита, влекущих изменение суммы |

| | |
|---|---|
| соғатын микрокредит талаптары өзгерген кезде Кредитор жаңа шарттарды ескере отырып, Қарыз алушыға микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді. | (размера) денежных обязательств Заемщика и (или) срока их уплаты, Кредитором составляется и предоставляется Заемщику новый график погашения микрокредита с учетом новых условий. |
| 1.10. Микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісі Өтінішпен айқындалады. Бұл ретте, оған қол қойылған сәтке дейін Кредитор Қарыз алушыға микрокредитті төлем қабілеттілігін ескере отырып, танысу және өтеу әдісін таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады:<br>- сараланған төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;<br>- аннуитеттік төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін.<br>Сондай-ақ, Кредитор Қарыз алушыға микрокредит беру қағидаларына сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестесінің қосымша жобаларын ұсына алады. | 1.10. Способ и метод погашения микрокредита определяются Заявлением. При этом, до момента его подписания, Кредитором Заемщику для ознакомления и выбора метода погашения микрокредита с учетом его платежеспособности предоставляются проекты графиков погашения микрокредита, рассчитанных различными методами:<br>- методом дифференцированных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется уменьшающимися платежами, включающими равные суммы платежей по основному долгу и начисленное за период на остаток основного долга вознаграждение;<br>- методом аннуитетных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется равными платежами на протяжении всего срока микрокредита, включающими увеличивающиеся платежи по основному долгу и уменьшающиеся платежи по вознаграждению, начисленному за период на остаток основного долга. Размеры первого и последнего платежей могут отличаться от других.<br>Также Кредитором Заемщику могут быть предложены дополнительные проекты графиков погашения микрокредита, рассчитанных в соответствии с его правилами предоставления микрокредитов. |
| 1.11. Негізгі борышты уақтылы өтемегені және микрокредит бойынша сыйақы төлегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеу тәртібі мен мөлшері Өтінішпен айқындалады. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Қарыз алушыны микрокредитті қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаудан босатпайды. | 1.11. Порядок начисления и размер неустойки (штрафа, пени) за несвоевременное погашение основного долга и уплату вознаграждения по микрокредиту определяются Заявлением. Уплата неустойки (штрафа, пени) не освобождает Заемщика от исполнения обязательств по возврату микрокредита и уплате вознаграждения. |
| 1.12. Шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді: | 1.12. Сумма произведенного Заемщиком платежа по Договору, в случае если она недостаточна для исполнения обязательств Заемщика по Договору, погашает задолженность Заемщика в следующей очередности: |

| | |
|---|---|
| 1) негізгі борыш бойынша берешек;<br>2) сыйақы бойынша берешек;<br>3) Шартта/Өтініште айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);<br>4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;<br>5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;<br>6) Кредитордың орындау бойынша шығындары. | 1) задолженность по основному долгу;<br>2) задолженность по вознаграждению;<br>3) неустойка (штраф, пеня) в размере, определенном Договором/Заявлением;<br>4) сумма основного долга за текущий период платежей;<br>5) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей;<br>6) издержки Кредитора по получению исполнения. |
| 1.13. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету Өтінішпен айқындалады. | 1.13. Обеспечение исполнения Заемщиком обязательств по Договору определяется Заявлением. |
| 1.14. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Кредитор Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Шартта, Өтініште көзделген барлық шараларды қабылдауға құқылы, оның ішінде:<br>1) Қарыз алушы микрокредитті өтеу мерзімдерін күнтізбелік 30 (отыз) күннен артық бұзған жағдайда берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге;<br>2) Шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы өзінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге;<br>3) өз қалауы бойынша Қарыз алушының келісімін алмай, құқықтарды басқаға беру шартын (цессияны) жасасу арқылы өзінің талап ету құқықтарын үшінші тұлғаға беруге;<br>4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушы – дара кәсіпкерді банкрот деп тану туралы сотқа талап арызбен жүгінуге;<br>5) Шартта/Өтініште көзделген тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын есептеуге;<br>6) Кредитор ақпарат беруге шарт(-тар) жасасқан Кредиттік бюроға(-ларға) микрокредиттің қайтарылмағаны туралы деректерді беруге;<br>7) Қарыз алушы микрокредитті нысаналы пайдалану жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ Шарттың 2.2.5-тармақшасында көзделген міндеттерді орындамаған кезде Шарт бойынша берешек сомасын толық көлемде немесе ішінара өндіріп алуға мерзімінен бұрын ұсынуға құқылы;<br>8) Шарттың 2.3.5 және 2.3.8 тармақшаларында көзделген құқықтар; | 1.14. При неисполнении либо ненадлежащем исполнении Заемщиком обязательств по Договору Кредитор вправе принять все меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, настоящим Договором, Заявлением, в том числе:<br>1) в случае нарушения Заемщиком сроков погашения микрокредита более чем на 30 (тридцать) календарных дней передать задолженность на досудебное взыскание и урегулирование коллекторскому агентству;<br>2) обратиться в суд за защитой своих нарушенных прав и законных интересов о взыскании задолженности по Договору;<br>3) по своему усмотрению, уступить третьему лицу свои права требования путем заключения договора уступки прав (цессии), без получения согласия Заемщика;<br>4) обратиться с иском в суд о признании заемщика – индивидуального предпринимателя банкротом в соответствии с законодательством Республики Казахстан;<br>5) начислить сумму неустойки (штраф, пени), предусмотренную Договором/Заявлением;<br>6) передать данные о невозврате микрокредита в Кредитное (-ые) бюро, с которым(-и) у Кредитора заключен(-ы) договор(-ы) на предоставление информации;<br>7) досрочно предъявить к взысканию в полном объеме или частично сумму задолженности по Договору при невыполнении Заемщиком обязанностей по целевому использованию микрокредита, а также обязанностей, предусмотренных подпунктом 2.2.5 Договора;<br>8) предусмотренные подпунктами 2.3.5 и 2.3.8 Договора; |

| | |
|---|---|
| 9) (*Қарыз алушы – жеке кәсіпкер және/немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған үшін)* Шарттың 2.3.13-тармақшасында көзделген;<br>10) *(егер осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі Кредитор болған жағдайда осы тармақша күшіне енеді және қолданылады)* Қарыз алушының банктік шоттарын тікелей дебеттеу жолымен Қарыз алушының банктік шоттарындағы ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіппен өндіріп алуға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіріп алу салынуы мүмкін емес ақшаны өндіріп алуды қоспағанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының кез келген екінші деңгейдегі банктерінде Қарыз алушының кез келген банктік шоттарына төлем талабын ұсынуға; оған Қарыз алушы осы арқылы қосымша акцепт беру немесе өзге де төлем құжаттарын акцептеуден бас тарту құқығынсыз өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.<br>Шарт бойынша ақша Берешек валютасынан өзге валютада өндіріліп алынған жағдайда, өндіріп алынған ақшаны берешек валютасына айырбастау Кредитор есептен шығару күніне белгілеген бағам бойынша жүргізілетін болады. | 9) *(для Заемщика – индивидуального предпринимателя и/или самозанятого)* предусмотренные подпунктом 2.3.13 Договора;<br>10) *(настоящий подпункт вступает в силу и применяется в случаях если Кредитором по настоящему Договору становится банк второго уровня Республики Казахстан)* обратить взыскание в бесспорном (безакцептном) порядке на деньги, имеющиеся на банковских счетах Заемщика путем прямого дебетования банковских счетов Заемщика, предъявить в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан платежное требование к любым банковским счетам Заемщика в любых банках второго уровня Республики Казахстан, за исключением обращения взыскания на деньги, на которые не может быть наложено взыскание в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан; на что Заемщик настоящим дает свое безусловное и безотзывное согласие, без права дополнительного акцепта либо отказа от акцепта платежных и иных документов.<br>В случае обращения взыскания на деньги в валюте иной, чем валюта Задолженности по Договору, конвертирование денег, на которые обращено взыскание, в валюту задолженности будет производиться по курсу, установленному Кредитором на день списания. |
| 1.15. Осы Шарт Тараптар Өтінішке қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы Өтініш пен Шартта көзделген Кредитор алдындағы барлық міндеттемелерді толық және тиісінше орындағаннан кейін өзінің қолданылуын тоқтатады. | 1.15. Настоящий Договор вступает в силу с даты подписания сторонами Заявления и прекращает свое действие после полного и надлежащего исполнения Заемщиком всех обязательств перед Кредитором, предусмотренных Заявлением и Договором. |
| 1.16. Қарыз алушы Шарттың 2.4-тармағының 2.4.7-тармақшасына сәйкес Кредитордан Шарт талаптарын өзгертуден бас тартуды алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, Кредиторды бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы. | 1.16. Заемщик вправе в течение 15 (пятнадцати) календарных дней с даты получения от Кредитора отказа в изменении условий Договора в соответствии с подпунктом 2.4.7. пункта 2.4. Договора или при недостижении взаимоприемлемого решения об изменении условий Договора, обратиться в уполномоченный орган с одновременным уведомлением Кредитора. |
| 1.17. Кредитордың пошталық мекенжайы: 050012, ҚР, Алматы қ., Сейфуллин даңғылы 502, «TURAR» БО, 9-қабат.<br>Кредитордың ресми интернет-ресурсы: https://www.solva.kz | 1.17. Почтовый адрес Кредитора: 050012, РК, г. Алматы, пр. Сейфуллина 502, БЦ «TURAR», 9-й этаж.<br>Официальный интернет-ресурс Кредитора: https://www.solva.kz |

| | |
|---|---|
| Кредитордың мерзімі өткен берешек мәселелері бойынша электрондық пошта мекенжайы: dolg@solva.kz<br>Кредитордың басқа мәселелер бойынша электрондық пошта мекенжайы: support@solva.kz<br>Кредитор Қарыз алушының Жеке кабинетінде орналастырған ақпарат. | Адрес электронной почты Кредитора по вопросам просроченной задолженности: dolg@solva.kz<br>Адрес электронной почты Кредитора по иным вопросам: support@solva.kz<br>Информация, размещенная Кредитором в Личном кабинете Заемщика. |
| 1.18. Кредитор Шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Кредитордың Қарыз берушімен Шарт шеңберіндегі өзара қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады. | 1.18. При уступке Кредитором права (требования) по Договору третьему лицу, требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям Кредитора с Заемщиком в рамках Договора, распространяются на правоотношения Заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование). |
| **2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ** | **2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН** |
| **2.1. Қарыз алушының құқықтары:** | **2.1. Заемщик вправе:** |
| 2.1.1. микрокредиттерді беру қағидаларымен, микрокредиттерді беру бойынша Кредитордың тарифтерімен, микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты барлық төлемдер туралы ақпаратпен танысу; | 2.1.1. ознакомиться с правилами предоставления микрокредитов, тарифами Кредитора по предоставлению микрокредитов, информацией о всех платежах, связанных с получением, обслуживанием и погашением (возвратом) микрокредита; |
| 2.1.2. алынған микрокредитке Шартта және Өтініште белгіленген тәртіппен және шарттарда билік ету; | 2.1.2. распоряжаться полученным микрокредитом в порядке и на условиях, установленных Договором и Заявлением; |
| 2.1.3. егер негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, негізгі борышты және/немесе сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуді жүргізу; | 2.1.3. в случае, если дата погашения основного долга и/или вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату основного долга и/или вознаграждения в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки (штрафа, пени); |
| 2.1.4. Қарыз алушы Кредиторға жіберген өтінішінің негізінде осы Шарт пен Өтініш бойынша берілген микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей мерзімінен бұрын толық немесе ішінара Кредиторға қайтаруға құқылы. Ішінара мерзімінен бұрын өтеу жағдайында Қарыз алушының микрокредитті өтеу кестесінде көзделген кемінде 3 (үш) ай сайынғы төлем енгізуіне (егер микрокредит 3 (үш) айдан артық мерзімге берілсе) жол беріледі.<br>Қарыз алушы микрокредит сомасын ішінара мерзімінен бұрын өтеген жағдайда | 2.1.4. досрочно полностью или частично возвратить Кредитору сумму микрокредита, предоставленную по настоящему Договору и Заявлению, без оплаты неустойки (штрафа, пени), на основании заявления, направленного Заемщиком Кредитору. В случае частичного досрочного погашения допускается внесение Заемщиком не менее 3 (трех) ежемесячных платежей, предусмотренных графиком погашения микрокредита (если микрокредит предоставлен на срок более 3 (трех) месяцев).<br>В случае частичного досрочного погашения Заемщиком суммы микрокредита, по усмотрению Кредитора, применяется один из нижеуказанных способов: |

| | |
|---|---|
| Кредитордың қарап шешуі бойынша төменде көрсетілген тәсілдердің бірі қолданылады:<br>1) берілген микрокредиттің мерзімі өзгеріссіз қалатын жоспарлы өтеудің ай сайынғы сомасын азайту; немесе<br>2) микрокредит мерзімін азайту, бұл ретте жоспарлы өтеудің ай сайынғы сомасының мөлшері бұрын белгіленген ай сайынғы төлемнің мөлшерінен аспайтын өтеу сомасын құрайды.<br>Қарыз алушы Шартқа/Өтінішке қол қоя отырып, микрокредиттің бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, болашақта Кредитор беретін микрокредитті өтеу кестесіне өзінің сөзсіз келісімін білдіреді.<br>Өзгертілген микрокредитті өтеу кестесі бұрынғы өтеу кестесін ауыстырады және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.<br>Қарыз алушының ағымдағы кезеңде ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыру үшін жеткілікті сомада ақша енгізген күніне қарамастан, микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеу кезекті төлем өтелгеннен кейін микрокредитті өтеу кестесі бойынша ең жақын кезекті төлем күні жүзеге асырылады. Бұл ретте, Кредитор өз қарап шешуі бойынша микрокредитті өтеу кестесі бойынша ең жақын кезекті төлем күніне дейін ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға құқылы. Мұндай жағдайда микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеу күні Қарыз алушының Жеке кабинетінде жаңа кестені қалыптастыру күні болып табылады.<br>Тараптар микрокредит бойынша берешекті мерзімінен бұрын ішінара өтеген жағдайда Шартқа және/немесе Өтінішке қосымша келісім жасасу талап етілмейтініне келіседі, бұл жағдайда Жеке кабинетте микрокредитті өтеудің жаңа кестесі қалыптастырылады. Егер Қарыз алушы Жеке кабинетте қалыптастырылған микрокредитті өтеудің жаңа кестесімен келіспеген жағдайда, онда Қарыз алушы микрокредитті өтеу кестесін қайта қарау және Шартқа және/немесе Өтінішке қосымша келісімді ресімдеу үшін Кредиторға жүгінуге міндеттенеді; | 1) уменьшение ежемесячной суммы планового погашения, при котором срок представленного микрокредита остается неизменным; либо<br>2) уменьшение срока микрокредита, при котором размер ежемесячной суммы планового погашения составит сумму погашения, не превышающую ранее установленного размера ежемесячного платежа.<br>Заемщик подписанием Договора/Заявления выражает свое безусловное согласие с графиком погашения микрокредита, который будет предоставлен Кредитором в будущем, в случае досрочного погашения части микрокредита.<br>Измененный график погашения микрокредита заменяет прежний график погашения и является неотъемлемой частью Договора.<br>Вне зависимости от даты внесения денег Заемщиком в сумме достаточной для осуществления частичного досрочного погашения в текущем периоде, частичное досрочное погашение микрокредита осуществляется в дату ближайшего очередного платежа по графику погашения микрокредита после погашения очередного платежа. При этом, Кредитор вправе по своему усмотрению осуществить частичное досрочное погашение до даты ближайшего очередного платежа по графику погашения микрокредита. В таком случае датой частичного досрочного погашения микрокредита является дата формирования нового графика в Личном кабинете Заемщика.<br>Стороны соглашаются, что в случае частичного досрочного погашения задолженности по микрокредиту, заключение дополнительного соглашения к Договору и/или Заявлению не требуется, в этом случае в Личном кабинете формируется новый график погашения микрокредита. В случае, если Заемщик не согласен с новым графиком погашения микрокредита, сформированным в Личном кабинете, то Заемщик обязуется обратиться к Кредитору для пересмотра графика погашения микрокредита и оформления дополнительного соглашения к Договору и/или Заявлению; |
| 2.1.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Кредиторға бару және/немесе | 2.1.5. посетить Кредитора в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательств по Договору и/или направить |

| | |
|---|---|
| Кредитордың dolg@solva.kz электрондық пошта мекенжайына Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішін негіздейтін Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімін өткізіп алу себептері, кірістері және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын, оның ішінде мыналарға байланысты өтініш жіберу:<br>- Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгертуге;<br>- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;<br>- берешекті өтеу әдісін немесе өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;<br>- микрокредит мерзімін өзгертуге;<br>- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға;<br>Қарыз алушының жоғарыда көрсетілген мерзімде өтініш бермеуі Қарыз алушының Шарт бойынша өзінің берешегін мойындауы және Қарыз алушының оны өтеу шарттарымен келісімін беруі болып табылады; | заявление на адрес электронной почты Кредитора dolg@solva.kz, содержащее сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательств по Договору, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия Договора, в том числе связанных с:<br>- изменением в сторону уменьшения ставки вознаграждения по Договору;<br>- отсрочкой платежа по основному долгу и/или вознаграждению;<br>- изменением метода погашения задолженности или очередности погашения задолженности, в том числе с погашением основного долга в приоритетном порядке;<br>- изменением срока микрокредита;<br>- прощением просроченного основного долга и/или вознаграждения, отменой неустойки (штрафа, пени) по микрокредиту.<br>Непредоставление Заемщиком заявления в вышеуказанный срок является признанием Заемщиком своей задолженности по Договору и предоставление согласия Заемщика с условиями ее погашения; |
| 2.1.6. осы Шарттың 2.4-тармағының 2.4.7-тармақшасына сәйкес Шарт талаптарын өзгертуден бас тартуды алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Кредиторды бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгіну; | 2.1.6. обратиться в течение 15 (пятнадцати) календарных дней с даты получения отказа в изменении условий Договора в соответствии с подпунктом 2.4.7 пункта 2.4 настоящего Договора или при недостижении взаимоприемлемого решения об изменении условий Договора, в уполномоченный орган с одновременным уведомлением Кредитора; |
| 2.1.7. Кредитор Шарт бойынша құқықты (талаптарды) берген жағдайда, «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсманына жүгіну; | 2.1.7. обратиться к банковскому омбудсману в случае уступки Кредитором права (требования) по Договору, для урегулирования разногласий с лицом, указанным в пунктах 4 и 5 статьи 9-1 Закона Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности»; |
| 2.1.8. алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Кредиторға жазбаша жүгіну; | 2.1.8. письменно обратиться к Кредитору при возникновении спорных ситуаций по получаемым услугам; |
| 2.1.9. микрокредит сомасының мөлшерін және аударуды жүзеге асыру қажет шоттардың/төлем карточкаларының деректемелерін көрсете отырып, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатушыға микрокредит сомасын аудару туралы өтінішпен Кредиторға жүгіну | 2.1.9. обратиться к Кредитору с заявлением о перечислении суммы микрокредита продавцу товаров (работ, услуг), с указанием размера суммы микрокредита и реквизитов счетов/платежных карточек, на которые необходимо осуществить перевод (указанное заявление составляется по форме Кредитора); |

| | |
|---|---|
| (көрсетілген өтініш Кредитордың нысаны бойынша жасалады); | |
| 2.1.10. өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғау; | 2.1.10. защищать свои права в порядке, установленном законами Республики Казахстан; |
| 2.1.11. микрокредитті мерзімінен бұрын толық өтеген жағдайда Қарыз алушы тиісті өтініш берген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кредитор алдында берешегінің жоқтығы туралы анықтама алу; | 2.1.11. в случае полного досрочного погашения микрокредита получить справку об отсутствии задолженности перед Кредитором в течение 3 (трех) рабочих дней со дня подачи Заемщиком соответствующего заявления; |
| 2.1.12. заңнамада және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру. | 2.1.12. осуществлять иные права, предусмотренные законодательством и настоящим Договором. |
| **2.2. Қарыз алушының міндеттері:** | **2.2. Заемщик обязан:** |
| 2.2.1. алынған микрокредитті қайтару және ол бойынша сыйақыны осы Шартта және Өтініште белгіленген мерзімдер мен тәртіппен төлеу; | 2.2.1. возвратить полученный микрокредит и выплатить вознаграждение по нему в сроки и порядке, установленные настоящим Договором и Заявлением; |
| 2.2.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ Шарттың талаптарына сәйкес, оның ішінде берілген микрокредитті пайдалануға байланысты Кредитор сұрататын құжаттар мен мәліметтерді, Қарыз алушының қаржылық (мүліктік) жағдайы туралы мәліметтерді ұсыну және Кредитордың Қарыз алушыны тексеру жөніндегі өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі жасамау; | 2.2.2. представить документы и сведения, запрашиваемые Кредитором, в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан, а также условиями Договора, в том числе связанную с использованием предоставленного микрокредита, сведения о финансовом (имущественном) положении Заемщика и не препятствовать осуществлению Кредитором своих полномочий по проверке Заемщика; |
| 2.2.3. егер Қарыз алушы Кредитор микрокредит сомасын аударғаннан кейін микрокредиттен бас тартса, Қарыз алушы Кредитор микрокредит берген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Кредиторға тиісті өтінішпен жүгіну жолымен Өтініште көрсетілген Кредитордың шотына бірыңғай төлеммен микрокредит сомасын қайтаруды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте Қарыз алушы микрокредит сомасын аудару кезінде Кредиторда туындаған шығыстарды, сондай-ақ микрокредитті пайдалану кезеңіндегі сыйақыны өтеуге міндетті; | 2.2.3. если Заемщик отказывается от микрокредита после перечисления суммы микрокредита Кредитором, Заемщик обязан в течение 1 (одного) рабочего дня с момента предоставления Кредитором микрокредита осуществить возврат суммы микрокредита единым платежом на счет Кредитора, указанный в Заявлении путем обращения с соответствующим заявлением к Кредитору. При этом Заемщик обязан возместить расходы, возникшие у Кредитора при перечислении суммы микрокредита, а также вознаграждение за период пользования микрокредитом; |
| 2.2.4. егер микрокредит мақсатты болып табылса, алынған микрокредитті тек нысаналы мақсатта пайдалану. Нысаналы микрокредитті мақсатсыз пайдаланған жағдайда Қарыз алушы Кредитордың талабы бойынша Кредиторға микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруға, микрокредитті қайтару күніне Шарт бойынша есептелген пайдаланылған микрокредит бөлігінде | 2.2.4. использовать полученный микрокредит только по целевому назначению если микрокредит является целевым. При нецелевом использовании целевого микрокредита Заемщик обязан, по требованию Кредитора, досрочно возвратить Кредитору микрокредит, выплатить вознаграждение в части использованного микрокредита, начисленное по Договору на дату возврата микрокредита, а |

| | |
|---|---|
| сыйақы төлеуге, сондай-ақ Өтініште белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті; | также оплатить неустойку в размере, установленном в Заявлении; |
| 2.2.5. Кредитордың микрокредитті нысаналы пайдалануды тексеруді және тұрақты мониторингті жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Кредитордың талабы бойынша микрокредиттің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылғанын растайтын құжаттар мен мәліметтерді ұсыну; | 2.2.5. обеспечить возможность осуществления Кредитором проверки и регулярного мониторинга целевого использования микрокредита. По требованию Кредитора предоствлять документы и сведения, подтверждающие использование микрокредита по целевому назначению; |
| 2.2.6. Қарыз алушының, кепілгердің мүлкіне, оның ішінде банк шоттарындағы ақшаға үшінші тұлғалардың тыйым салуын қоса алғанда, Шарттан, Өтініштен және микрокредитті өтеу кестесінен туындайтын міндеттемелерді орындауды бұзуға әкеп соғуы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Кредиторға дереу хабарлау; жауапкері Қарыз алушы болып табылатын, Қарыз алушыға үшінші тұлғалар жіберген шағымдар мен талап арыздар алған кезде; | 2.2.6. незамедлительно извещать Кредитора обо всех обстоятельствах, которые могут повлечь нарушение исполнения обязательств, вытекающих из Договора, Заявления и графика погашения микрокредита, включая наложение третьими лицами арестов на имущество Заемщика, гаранта, поручителяв том числе деньги, находящиеся на банковских счетах; при получении претензий и исковых заявлений, направленных Заемщику третьими лицами, по которым ответчиком выступает Заемщик; |
| 2.2.7. Кредиторға тұрғылықты жерінің немесе тіркеу мекенжайының, ұялы телефон нөмірінің (нөмірлерінің), жеке басын куәландыратын құжаттардың, жұмыс немесе бизнес жүргізу орнының кез келген өзгерістері, банк деректемелерінің және Кредиторға берілген басқа да деректердің өзгергені туралы растайтын құжаттарды ұсына отырып, осындай өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар ету. Қарыз алушы осы міндетті орындамаған жағдайда Кредитор Кредитордың Шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға, сондай-ақ берешекті соттан тыс және/немесе сот тәртібімен өндіріп алуға қажетті немесе байланысты хабарламалар/хабарландырулар бойынша барлық міндеттемелерін қоса алғанда, Өтініште көрсетілген немесе Қарыз алушы бұрын ұсынған деректерді түпнұсқа және өзекті деп санауға құқылы; | 2.2.7. письменно уведомить Кредитора о любых изменениях места жительства или адреса регистрации, номера (-ов) мобильного телефона, документов, удостоверяющих личность, места работы или ведения бизнеса, изменении банковских реквизитов и других данных, предоставленных Кредитору, течение 3 (трех) рабочих дней с даты такого изменения, с предоставлением подтверждающих документов. В случае неисполнения данной обязанности Заемщиком Кредитор вправе считать подлинными и актуальными те данные, которые были указаны в Заявлении или предоставлены Заемщиком ранее, включая все обязательства Кредитора по уведомлениям/извещениям, необходимым или связанным с исполнением, изменением или прекращением Договора, а также с взысканием задолженности во внесудебном и/или судебном порядке; |
| 2.2.8. микрокредитті банк аударымымен не төлем терминалы арқылы мерзімінен бұрын өтеген жағдайда Қарыз алушы Кредиторға жеке өзі не Шартта көрсетілген электрондық пошта арқылы осы Шарттың 2.1.4-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып, мерзімінен бұрын өтеу сомасын қабылдау туралы өтінішпен жүгінуге міндетті; | 2.2.8. в случае досрочного погашения микрокредита банковским переводом либо через платежный терминал, Заемщик обязан обратиться к Кредитору с заявлением лично либо по электронной почте, указанной в Договоре, о приеме суммы досрочного погашения с учетом требований, предусмотренных в пункте 2.1.4 настоящего Договора; |

| | |
|---|---|
| 2.2.9. төлем карточкасын пайдалана отырып, микрокредитті мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, Қарыз алушы өзінің Жеке кабинетінде осы Шарттың 2.1.4-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып, "ішінара мерзімінен бұрын өтеу" немесе "толық мерзімінен бұрын өтеу" опциясын таңдауға міндетті. Егер төлем карточкасынан түскен сома өтеу үшін жеткілікті болса, микрокредит таңдалған опцияға сәйкес толық немесе ішінара автоматты түрде өтеледі, Қарыз алушыдан қандай да бір қосымша өтініштер талап етілмейді; | 2.2.9. в случае досрочного погашения микрокредита с использованием платежной карточки, Заемщик обязан в своем Личном кабинете выбрать опцию "частичное досрочное погашение" или " полное досрочное погашение" с учетом требований, предусмотренных в пункте 2.1.4 настоящего Договора. Если суммы, поступившей с платежной карточки, достаточно для погашения, микрокредит погашается полностью или частично автоматически согласно выбранной опции, каких-либо дополнительных заявлений от Заемщика не требуется; |
| 2.2.10. растайтын құжаттарды қоса бере отырып, дербес деректер субъектісінің дербес деректерінің кез келген өзгерістері немесе толықтырулары туралы Кредиторға жазбаша түрде дереу хабарлау; | 2.2.10. незамедлительно извещать Кредитора в письменном виде о любых изменениях или дополнениях персональных данных субъекта персональных данных с приложением подтверждающих документов; |
| 2.2.11. Кредитор осы Шарт бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау туралы талап қойған жағдайда, Кредитор осындай талапты жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осындай талапты қанағаттандыру; | 2.2.11. в случае предъявления Кредитором требования о досрочном исполнении обязательств по настоящему Договору удовлетворить такое требование в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты направления Кредитором такого требования; |
| 2.2.12. Кредиторға: өзінің қаржылық жағдайы туралы (оның ішінде Кредиторға Қарыз алушының кез келген өз қызметінен алатын кірістерін көрсететін және растайтын құжаттарды ұсыну), Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауына теріс әсер етуі мүмкін мән-жайлар туралы; Қарыз алушының болжамды банкроттығы, оңалуы, төлем қабілеттілігінің қалпына келуі туралы; кез келген банктерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге де кредиттік ұйымдарда) мүлікке және/немесе оның банктік шоттарына тыйым салу туралы; Қарыз алушының қатысуымен мемлекеттік, төрелік, аралық соттарда талқылаулар туралы; біреудің Шарттың жарамдылығына дау айтуы туралы; денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы сақтау жөніндегі міндеттемелерді бұзу туралы дереу жазбаша түрде хабарлау; | 2.2.12. незамедлительно извещать Кредитора в письменном виде: о своем финансовом положении (в том числе предоставлять Кредитору документы, отражающие и подтверждающие доходы Заемщика, получаемые последним от любой своей деятельности), об обстоятельствах, способных негативным образом повлиять на надлежащее исполнение Заемщиком обязательств по Договору; о предполагаемом банкротстве, реабилитации, восстановлении платежеспособности Заемщика; о наложении арестов на имущество и/или его банковские счета в любых банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, и иных кредитных организациях); о разбирательствах в государственных, арбитражных, третейских судах с участием Заемщика; об оспаривании кем-либо действительности Договора; о нарушении обязательств по соблюдению законодательства о здравоохранении, безопасности и охране труда, а также об охране окружающей среды; |
| 2.2.13. *(Қарыз алушы – жеке кәсіпкер үшін)* Кредитордың жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана Қарыз алушының банкроттық | 2.2.13. *(для Заемщика – индивидуального предпринимателя)* производить только после получения письменного согласия Кредитора |

| | |
|---|---|
| рәсімін жүргізу. Мәжбүрлеп банкроттық туралы шешімдер қабылданған не Қарыз алушының қызметі өзге де тоқтатылған жағдайда бұл туралы Кредиторды дереу жазбаша хабардар ету, банкроттық процесінде Кредитордың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, Кредиторға қажетті құжаттар мен мәліметтерді беру; | процедуру банкротства Заемщика. В случае принятия решений о принудительном банкротстве либо иного прекращения деятельности Заемщика немедленно письменно уведомить об этом Кредитора, обеспечить защиту интересов Кредитора в процессе банкротства, предоставить Кредитору необходимые документы и сведения; |
| 2.2.14. *(Қарыз алушы – жеке кәсіпкер және/немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам үшін)* Кредиторды жазбаша түрде: Қарыз алушының Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі банктерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге де кредиттік ұйымдарда) банктік шоттар (осындай шоттың нөмірі мен банктің атауы хабарлана отырып)ашқаны туралы (соның ішінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғалардың атынан) ; банктік деректемелердің, пошта деректемелерінің, заңды мекенжайының, орналасқан жерінің, тұрғылықты жерінің, Шартта көрсетілген байланыс деректерінің өзгеруі туралы (Кредитор хабарламалар жіберу үшін), сондай-ақ Қарыз алушының кәсіпкерлік түрінің өзгеруі, Қарыз алушының органдарының (атқарушы, басқару және т.б.) өзгеруі туралы; қызмет көрсетуші банкті және банк шоттарының нөмірлерін міндетті түрде көрсете отырып, Қарыз алушының өндірістік қызметі процесіне қатысатын немесе оған микрокредит алынған Қарыз алушының қызметіне тартылуы болжанатын жаңа еншілес, үлестес ұйымдар мен компанияларды құру және/немесе сатып алу туралы дереу (бірақ осы тармақшада көрсетілген өзгерістер күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей) хабардар ету; | 2.2.14. *(для Заемщика – индивидуального предпринимателя и/или самозанятого)* незамедлительно (но не позднее 3 (трех) рабочих дней с даты изменений, указанных в настоящем подпункте) извещать Кредитора в письменном виде: об открытии Заемщиком банковских счетов (в т.ч. от имени физических лиц, не связанных с осуществлением предпринимательской деятельности) в банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, и иных кредитных организациях) на территории Республики Казахстан и за ее пределами (с сообщением номера такого счета и наименования банка); об изменении банковских реквизитов, почтовых реквизитов, юридического адреса, местонахождения, места жительства, контактных данных, указанных в Договоре (для направления Кредитором сообщений), а также об изменении вида предпринимательства Заемщика, изменении органов Заемщика (исполнительного, управления и др.); о создании и/или приобретении Заемщиком новых дочерних, аффилированных организаций и компаний, участвующих в процессе производственной деятельности Заемщика или которые предполагается задействовать в деятельности Заемщика на которую получен микрокредит, с обязательным указанием обслуживающего банка и номеров банковских счетов; |
| 2.2.15. Кредитордың талабы бойынша басқа екінші деңгейдегі банктерде ашылған Қарыз алушының банктік шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы анықтаманы және/немесе осындай шоттарды жабу туралы анықтаманы ұсыну; | 2.2.15. предоставлять по требованию Кредитора справки о движении денег по банковским счетам Заемщика, открытым в других банках второго уровня и/или справки о закрытии таких счетов; |

| | |
|---|---|
| 2.2.16. *(егер микрокредит кәсіпкерлік қызметпен байланысты болса)* Кредитордың алдын ала жазбаша келісімінсіз: үшінші тұлғалармен кепіл шартын; кепілдік шартын; кредитор ретінде де, борышкер ретінде де әрекет ететін қарыз шартын жасасуды; Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына кедергі келтіруі мүмкін өзге де ақшалай міндеттемелерге қатысуды жүргізбеу; үшінші тұлғаның пайдасына кепілдік, кепілгерлік беру; мүлікке, табыстарға ауыртпалық салу және/немесе иеліктен шығару; құны Қарыз алушының ай сайынғы табыстарының сомасынан асатын заңды тұлғаның ай сайынғы табыстарының, акцияларының немесе жарғылық капиталындағы үлесінің сомасынан асатын сомаға мүлікті сатып алу; | 2.2.16. *(в случае если микрокредит связан с предпринимательской деятельностью)* не производить без предварительного письменного согласия Кредитора: заключение с третьими лицами договора залога; договора гарантии; договора займа, в котором выступать как в качестве кредитора, так и в качестве должника; участие в иных денежных обязательствах, которые могут воспрепятствовать исполнению Заемщиком обязательств по Договору; предоставление в пользу третьего лица гарантии, поручительства; обременение и/или отчуждение имущества, доходов; приобретение имущества на сумму, превышающую сумму ежемесячных доходов, акций или доли в уставном капитале юридического лица, стоимость которых превышает сумму ежемесячных доходов Заемщика; |
